

Қуғындалған ырғыздықтар

Светлана О. Смағұлова¹, Гульбану Б. Избасарова²

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

*Корреспонденция үшін автор: adep_s68@mail.ru

¹<https://orcid.org/0000-0002-4256-8783>

²<https://orcid.org/0000-0002-4123-7501>

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-142-1-93-107>

Аңдатпа. Мақалада ХХ ғасырдың 30-шы жылдары Сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған Ырғыз өңірінен шыққан алашордашылар мен кеңестік билік тұсындағы қайраткерлердің саяси қызметтері мен тағдырлары сараланады.

Ырғыз өңірінен шыққан Алаш азаматтардың барлығы да түрлі жолдармен ұлт мүддесі жолында күреске шығып, халықтың мүддесі жолында үзгенілес азаматтармен бірге қазақтың өз билігі өзінде болатын тұтас бір мемлекетке бірігуін жақтады. Сол жолда жазым болды.

Сталиндік қуғын кеңестік билік саласында адал қызмет еткендерді де аямады. Жалған жала жауып, соттап, түрмеге қамады, жер аударды, ең ауыр ату жазасына кесті. Президентіміз Қ.Тоқаевтың ашаршылық пен қуғын-сүргін мәселесін жіті зерттеуді міндеттеуі «құпия», «аса құпия» деген желеумен жабулы қалған қаншама арыстарымыздың істерін қарауға, оны талдауға мүмкіншілік туды.

Мақала барысында РКФСР Қылмыстық істердің 58 бабының 2, 8, 9, 10, 11-пункттері бойынша айыпталған алашордашыл Әбдіразақ Баибаев, Қайназар Бекмурзин, Қуаныш Жұбанов және т.б., сонымен бірге кеңестік билікте қызмет еткен Жәшік Ерубәев, Жолбосын Ақшолақов сияқты қайраткерлердің қуғындалуының себебі мен оларға тағылған айыптау барысы айқындалады.

Түйін сөздер: саяси қуғын-сүргін; алашордашы; қайраткер; құпия; аса құпия; саяси науқан.

Received 21.12.2022. Revised 27.12.2022. Accepted 27.02.2023. Available online 30.03.2023.

For citation:

Smagulova S.O., Izbassarova G.B. Repressed residents of Irgiz // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2023. – Vol. 142. – №.1. – P.93-107. DOI: 10.32523/2616-7255-2023-142-1-93-107

Для цитирования:

Смағұлова С.О., Избасарова Г.Б. Репрессированные иргизцы // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева. Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2023. – Т. 142. – №. 1. – С. 93-107. DOI: 10.32523/2616-7255-2023-142-1-93-107

Кіріспе

XX ғасырдың 20-30 жылдары Ырғыз өңірі кеңестік жүйенің саяси науқандарындарын бастан кешірді. Тәркілеу, ұжымдастырумен қатар, 20 жылдың соңы мен 30-шы жылдардың басынан, яғни қуғын-сүргін басталғанға дейінгі аралықта партия қатарына кіріп кеткен кеңестік жүйеге қарсы немесе бай-билерден тазалау науқаныны жүргізілген. Бұл науқанның нәтижелері сол кездің өзінде баспасөзге жарияланды.

Архив деректеріне сүйенсек, осы науқанды Ақтөбе облысының атқару комитеті белсене жүргізіп, басшылықтағы бар қызметкерлер қатаң тексерістен өткен екен. Анықталған жат бағыттағылар қызметтен аластатылды. 1937-1938 жылдары «халық жаулары» ретінде тұтқындалып, бірі бірнеше жылдарға сотталса, ал бірі атылып кете барды. Тексеру қорытындылары аудандық партия ұйымың жиналысында немесе бюросында айтылып, партияға лайықты немесе лайықты емес басшылар анықталды.

30 жыл тәулсіз ел болған тұсымызда Алаш қозғалысы, алаш қайраткерлері мен оған ниеттес болған азаматтар неліктен толықтай зерттелінбей жатыр деген сұрақ та туындар. Оның жауабы да біреу-ақ. Бұл солақай кеңестік саясаты тұсында «күпия» делініп белгі қойылған құжаттардың күпиялығы жойылса да әлі де зерттеушілердің қолына тимеуі. XX ғасырдың 20-30 жылдардағы қуғындалғандардың құжаттары Ресей архивтерінде толықтай қол жетімді болған. Ал бізде әлі де жабулы жатыр, арнайы рұқсат болмаса, оны білудің өзі екіталай. Дегенмен Президентіміз Қ.Тоқаевтың ашаршылық пен қуғын-сүргін мәселесін жіті зерттеуді міндеттеуінен «күпия», «аса күпия» деген желеумен жабулы қалған қаншама арыстарымыздың істерін қарауға, оны талдауға мүмкіншілік туды.

Жалпы қазақ халқының зиялыдан бастап, қарапайым малшыға, ишан, молдаларға дейін «халық жауы» ретінде айыптауда кеңес үкіметі екі бапты қолданған. Олар: РКФСР Қылмыстық істердің 58 және 59 баптар.

«Халық жауы» деген қазақстандықтардың басымы 58 баптың 2, 8, 9, 10, 11-пункттері бойынша айыпталды.

Осындай баптармен сотталған ырғыздық алашоршашы азаматтар жайында не білеміз? XX ғасыр басында патша үкіметінің қысаң саясатына қарсы бас көтерген Әлихан Бөкейхан бастаған алашшыл ұлт зиялыларының арасында қазірде тарихта аттары жиі айтыла бастаған Тел Жаманмұрынов, Телжан Шонанов, Әбдіхамит Жүндібаев, Алпысбай Қалменов сияқты қайраткерлердің өмір жолдары мен саяси қызметі жайында біршама еңбектер жазылып, насихатталды.

Жалпы Ақтөбе облысының аудандарында түрлі қызмет атқарып, оның шаруашылық, мәдени жағдайын көтеруге қатысқан кеңес қызметкерлерінің арасынан Ұзақбай Құлымбетов, Абдолла Теміров, Жәшік Елубаев, Тағберген Құрмашев, Ақшолақов Жолболсын, Әнафия Шынтеміров, Уақас Әлімбетов, Ахметкәрім Әйткенов және т.б. қатаң түрде партия тазартуынан өткендер. Дегенмен аты аталғандар 1937-1938 жылдары жалған айыппен қуғындалып, басымы атылып кетті. Ал аталмай қалған қаншама арыстарымыз өз зерттеушілерін күтуде.

Материалдар мен әдістер

Мақала архив құжаттары негізінде жазылды. Зерттеу жұмысын жазу барысында Қазақстан Республикасының Президент архивінің 139, 141, 708, 719-қорларының, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің 5, 30, 74, 962-қорларының, Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивінің 13-қорының құжаттық материалдар мен XX ғасырдың басынан 30 жылдары мерзімді баспасөзде жарық көрген мақалалар пайдаланылды.

Мақала жазу барысында бірнеше әдіс-тәсілдері қолданылды. Қуғындалған ырғыздық алашордашылар мен кеңестік жүйеге қызметкерлерінің тағдырын зерттеуде нақты фактілер мен дәлелдерді архив және газет-журнал материалдары арқылы салыстыра көрсету басшылыққа алынды. Сонымен бірге зерттеу барысында саралау,

талдау және қорыту, тарихи-салыстырмалы, жүйелік-құрылымдық, теориялық таным сияқты жалпы ғылыми, философиялық, әлеуметтанушылық, тарихи зерттеу тәсілдері қолданылды. Тарихи оқиғаларды немесе саяси жағдайларды баяндауда баспасөз материалдары мен архив құжаттары және ғылыми зерттеу материалдарын салыстыра зерттеу әдісі кең қолданылды.

Талқылау

Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивінің 13-қорында «Алашордапартиясы мүшелерінің тізімі» деген атаумен іс сақталған. Барлығы 136 адам енгізілген тізімде 37-ы ырғыздықтар. Бұлардың арасында республикаға белгілі қайраткерлер де, белгісіздері де бар. Дегенмен бұл тізімдегілердің бәрін алашордашылар деп айтуға болмайды. Кейбірі алашордашыларға ниеттес болған, қаржылай қолдау көрсеткендер болса, бірі 30-шы жылдары қуғын-сүргін тұсында нақақ айыптармен осы тізімге ілігіп кеткендер еді. Мұның арасында Садыбай Бекмурзин (Алашорданың көмек отрядының мүшесі), Бермұхамед Сейсекенов (әскер ісін үйретуші), Әбдіразақ Башбаев (Алашорда әскерінің вахмистрі), Ханистай Ашиков (взвод командирі), Әбдірахман Ерекешов (Алашорда барлаушысы), Барлыбай Бекбаев (Земство басқармасының болыстық төрағасы), Өтеген Гүлебаев (адъютант), Мұртаза Байдичин (ниеттес болған), Алашорда партиясының мүшелері: Сайдалы Оразалин, Дауылбай Кеншенбаев, Қайназар Бекмурзин, Орубай Дәулетов, Аймарқа Қанаев, Жүсіп Ақбаев, Шайқұл Хасенов, Қуаныш Жұбанов, Оразбай Арғынбаев, Ахметжан Қадыров, Емуайыс Есназаров, Абдолла Колубеков, Аяберген Түрекешов, Арықбай Гартышбаев, Байдалы Сәркенбаев, Тұғыл Қошмамбетов, Ахмет Тұңғашин, Мұса Даурабаев, Өтеген Төлебаев, Ғабайдолла Баймағамбетов, Жұмабай Басағаринов, Әбукәрім Мамақов, Жалғаспай жақсыбаев, Ыбырай Аюбеков, Саймақан Мәметов, Әбдірахман Мәметов, Байқадам Итекеновтердің аты аталады. Бұл тізімде Алаш қайраткерлері Телжан Шонанов пен

Тел Жаманмұрынов та бар. Телжан Шонанов тізімде Шанов Телжан деп қате жазылыпты (Ақтөбе Облыстық Мемлекеттік архиві (АОМА). 13 қ. 5 т. 123 іс. 1-5 пп.).

Осы аталған ырғыздық алашордашылардың басымы 1937-1938 жылдары қуғындалып кетті. Бірі ату жазасына кесілсе, кейбірі ұзақ жылдарға сотталды. Мәселен, Әбдіразақ Башбаев 1880 жылы Ырғыз ауданының №1 ауылында туған. Орта білімді, мұғалім. 1937 жылдың 8 тамызында Ақтөбе облысының НКВД-сы 58 баптың 10-пункті бойынша айыпталып, 8 жылға сотталып, 1962 жылдың 22 наурызында қылмыс құрамының жоқтығынан Ақтөбе облыстық сотының шешімімен ақталды.

Қайназар Бекмурзин 1893 жылы Ырғыздың 22 ауылында дүниеге келген. Бастауыш білімді. Аудандық дүкеннің директоры болған. 1937 жылдың 4 қарашасында Ақтөбе облысының НКВД-сы 58 баптың 2, 8, 9, 11-пункттері бойынша айыпталып, 10 жылға сотталып, тек 1961 жылдың 28 қазанында қылмыс құрамының жоқтығынан Ақтөбе облыстық сотының шешімімен ақталды.

Алашорда мүшесі Қуаныш Жұбанов 1896 жылы Ырғыз ауданының 7 ауылында дүниеге келген. 1937 жылдың 9 тамызда Ақтөбе облысының НКВД-сы 58 баптың 10-пункті бойынша тұтқындалып, осы жылдың 15 қарашасында үштіктің шешімімен ату жазасына кесілді. Оны ақтау тек тәуелсіздігімізді алғаннан кейін ғана Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасының шешімімен тек 1994 жылдың 27 сәуірінде ақталды.

Атылғандардың арасында 1895 жылы Ырғыз ауданының 26 ауылында дүниеге келген Әбіл Қанаев та бар. Малшы. 1930 жылдың 12 мамырында 58 баптың 2-пункті бойынша тұтқындалып, осы жылдың 6 тамызында үштіктің шешімімен ату жазасына кесілді. Ол Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасының шешімімен тек 1997 жылдың 28 тамызында ақталды.

Алашорда әскерін ұйымдастырып, әскерін ісін үйретуші офицер Бірмұхамет Сейсекенов 1917 жылы ұлт зиялылары Әлихан, Міржақып,

Файзолла Ғалымжанов және тағы басқа Алаш қайраткерлерімен бірлесе Жетісудың босқын қазақ-қырғыздарына ақшалай көмек көрсетуге шақырған үндеуге қол қойып, өздері бастамашылар ретінде мұқтаж босқындарға көмек қолын созған екен (Жетісудағы босқын: 1917: №17). Бірмұхамет Сейсекеновтің есімі Бәймен Алмановтың 1929 жылы 3 маусымда Қазақстан өлкелік партия белсенділерін тазарту комиссиясының төрағасы А.С.Булинге берген тергеу жабауында кездеседі (Қазақстан Республикасы Президент Архиві (ҚР ПА). 719 қ. 5 т. 84 іс. 1-5 пп). Бұл алашшыл азаматтың Алаш қозғалысындағы қызметін терең зерттеу қажет сияқты.

Бірмұхамет Сейсекенов кеңестік жүйе тұсында уездік милиция бастығы, Ырғыз революциялық комитеттің төрағасы, Торғай уездік комитетінің хатшысы, Сарыағаш аудандық партия комитетінің хатшысы, Түркістан-Сібір теміржолы бөлімшесінің басшысы болған. Сібірге жер аударылған.

Ырғыздан шыққан алашшыл Сырлыбай Бекбаев та 1917 жылғы 2-8 сәуірде Орынборда өткен Торғай облысы қазақтарының съезіне қатысты. Бұл съезд ұлт зиялыларынан атынан «Қазақ» газетінің редакторы Ахмет Байтұрсынұлының жалынды сөзімен ашылып, алдағы уақытта бүкілқазақтық съезд ашу, дін, ағарту, ағартушылық, әйел және тағы басқа 14 мәселе қаралған болатын. Ақтөбе, Ырғыз, Қостанай, Торғай уездері бойынша осы мәселелерді жүзеге асыратын комиссия құрылды. Ырғыз үйезінен құрылатын комиссия құрамына Әбділқадыр Алматов, Шайқұл Хасенов, Тұрмұхамед Қыйсықов, Мұхамед Тасқарин, Жұмақан Шотин, Хайролла Төлебаев, Өтеғұл Шыманов, Ризабай Байдосов, Қожаберген Тыштыбаев кірді (Алаш қозғалысы, 2004. Т.1: 233). Тізімдегі азаматтардың басымы Сталин қайтыс болғаннан кейін әр жылдары ақталды. Дегенмен олардың көпшілігі осы күнге дейін өз зерттеушілерін күтіп жатыр.

Ырғыз өңірінде ұлт мәселесін биік көтеріп, патша үкіметіне батыл қарсы шыққан алашшыл азаматтардың тұлғалық қасиеттері өлшеусіз. Барлығының да қазақ

елінің тәуелсіздігі жолында жасаған қызметі, ұлтқа деген сүйіспеншілігі істеген ісінен үлгі, ұрпаққа өнеге.

Ырғыз өңірінен шыққан Алаш азаматтардың барлығы да түрлі жолдармен ұлт мүддесі жолында күреске шықты. «Алаш» партиясымен бірге халықтың мүддесі жолында үзегілес азаматтармен бірге қазақтың өз билігі өзінде болатын тұтас бір мемлекетке бірігуін жақтады.

Ырғыздан шыққан алашшыл қайраткердің бірегейі – бұл Тел Жаманмұрнынов. Оның саяси-қоғамдық қызметі ХХ ғасырдың 30-шы жылының аяғына дейінгі саяси оқиғалармен тығыз байланысты. Алаш қайраткері 1916 жылы патша жарлығы бойынша қара жұмысқа ілігіп, І-дүниежүзілік соғысқа алынған қазақ сарбаздарына жанашырлық танытқан азаматтардың қатарында болды. 1917 жылы Ақпан мен Қазан төңкерісі тұсында белсене білек сыбанып, қазақ комитеттерін құруға, қазақ съездерін өткізуге атсалысты. Ырғыз өңірінде түрлі қызметтер атқарып, ел басына қиын-қыстау күн туған Азамат соғысы кезіндегі қиыншылықтарды еңсеруге және 1921-1922 жылдардағы ашаршылықты ауыздықтауға қатысты. Үкіметтің жер-су реформасын жүргізуге, қазақыландыру, жаппай отырықшыландыру, тәркілеу, ұжымдастыру, колхоздастыру сияқты науқандардарын жүзеге асыруға, 1931-1933 жылдардағы ел басына түскен ашаршылықпен күресуге білек сынаба кіріскені сөзсіз. Мал шаруашылығын қалпына келтіруге де өзіндік үлес қосты.

Оның қайраткер болып қалыптасуына ұлт қайраткері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы сынды қазақтың біртуар азаматтарының идеялары әсер етті, өзі де тәуелсіздік жолында күресуге бел байлады.

Тел Бұқпанұлының есімі А.Байтұрсынұлы ұйымдастырып, шығарып тұрған «Қазақ» газеті арқылы қазақ даласына белгілі болды. 1916 жылы 25 маусымдағы патшаның жарлығынан кейін майдандағы қара жұмысқа алынған қазақ жұмыскерлерінің жағдайын қадағалау, олардың мұқтаждықтарын анықтап көмек көрсетуді ұлт зиялылары

өз міндеттеріне алып, Ә. Бөкейханның басқаруымен арнайы делегация құрылып, бұл топқа қазақ-орыс тілдеріне жетік білетін азаматтар алынды. Солардың арасында Тел Бұқпанұлы да болып, Күнбатыс майданы майданына барған Қостанай, Ақтөбе жігіттерін аралаған екен. Бұл жайында ол Мырзағазы, Мұсамен бірлесіп, «Қазаққа» материал жариялап, жігіттердің арасында жас балалардың барлығына, кейбірінің денсаулығының жоқтығына, тамақтарының нашарлығына, киімдерінің тозғандығын келтіреді (Жұмысшылар жайынан, 1916: №211). Бұдан кейін де газетке олардың бірлескен бірнеше мақалалары жарық көріп, майдандағы қара жұмысқа іліккендердің жағдайларына мәліметтер келтіреді (Жұмысшылар жайынан, 1917: №217, 219, 220).

1917 жылдың ақпан төңкерісін Минскіде қарсы алды. Ұлт азаматтарымен бірге үкіметті қолға алған Уақытша үкіметті қолдап, наурыздың басында Орынбордағы облыстық қазақ комитетіне жеделхат жолдап, майдандағы жұмысшыларына еттей, астықтай көмек көрсету қажеттігін көтерді (Бюллетень Семипалатинского исполнительного комитета, 1917: №8). Бұдан кейін де Алаш азаматтарымен бірлесе «Қазақ» газеті арқылы бірнеше жеделхат жөнелтіп, жаңа үкімет майдандағы қара жұмысшылар мен олардың жанұяларына қаржылай көмек көрсетер деген үмітте болды (Қазақ, 1917: №222). Теңдік, бостандық күнінің туғандығымен құттықтай және жаңа үкіметке қолдау көрсетуге шақырған жеделхатқа Тел Бұқпанұлы да қол қойды (Мәскеу, 1917: №223).

Ол Әлихан, Міржақып бастаған алашшылардың идеяларын қолдап, Минскіден бастау алып, Орынборда құрылған «Еркін дала» қауымына мүше болып кіріп, майдандағы жұмысшыларды елге қайтару ісіне белсене кірісіп, 1917 жылдың мамыр айынан басталып, елге қайтарылатын қазақ жұмысшыларына бас-көз болып, өздері басқарып әкелді. Жолда адасып қалған немесе жоғалып кеткендерді іздестіру, елге қайтып бара жатқандарды азықпен қамтамасыз етуге де атсалысты.

Тел Бұқпанұлы 1917 жылдың 2-8 сәуірі аралығында Орынборда болған ең тұңғыш Торғай облыстық съезіне қатысады. Съезд өтісімен ол 1917 жылдың мамыр айынан Торғай облыстық азаматтық комитеттің шешімімен Ырғыз уезіне болыстық азаматтық комитеттер құруға және оның жұмыстарын жандандыруға жіберіледі (ҚР ПА. 139 қ., 1 п., 44 іс. 5 п). Ол уезге келісімен білек сыбана бірден іске кірісіп, қазақ комитеттерін құру, Уақытша үкіметтің жүргізіп отырған саясатын халық арасында түсіндіру жұмыстарын қолға алады.

Тел Бұқпанұлы осы жылдың 21-26 шілдеде өткен бірінші жалпықазақ съезіне Торғай облысынан қатысып, оның барысында «Алаш» партиясынан Құрылтай жиналысына Торғай облысынан сайланады (Алаш партиясы, 1917: №19).

І жалпықазақ съезі аяқталысымен онда көтерілген мәселелер мен қаулыны Тел өзі белсене қатысып, төрағалық еткен І Ырғыз уездік съезінде кең түрде таныстырып, оның шешімдерін негізге алуды ұсынады. Осы съезд барысында Ырғыз уездік жер комитетінің төрағасы болып сайланып, бұл қызметті 1918 жылдың 8 наурызына дейін атқарады. Ырғыз уезінде жүзеге асырылатын мәселелердің қолға алыну барысына тікелей басшылық жасайды.

Тел Жаманмұрынов осы жылдың 20 мен 25 тамызында Ақтөбеде өткізілген Торғай облысының екінші съезіне де қатысып, оның хатшылық қызметін атқарды. Бұл съезде оның Торғай облысы атынан Құрылтай жиылысына депутат болып қатысуын лайықтады (Ресей Мемлекеттік Тарих Архиві (РМТА). 1291 қ., 84 т., 50 іс. 8-12 пп). Бұдан кейін де Тел Бұқпанұлы Ырғыз уезі атынан Орынборда болған жиылыс, мәжілістерге қатысып, алда атқарылатын іс-шаралар мәселесінде талқылауларда ұсыныстар білдірген.

Осы съезден кейін Тел Ырғыз уезінің атынан өкіл ретінде 1917 жылы 10-16 қыркүйекте Орынборда болған Торғай облыстық шаруа, солдат және жұмысшы кеңестері депутаттарының мәжілісіне қатысып, Земство мәселесі бойынша баяндама жасап, Ырғыз

уезінде ашығып жатқан халққа малдай көмек көрсету мәселесі де көтерген еді. Ол аштық мәселесіне қатысты төрт ірі ұсыныс білдіреді. Оның біріншісі, Ырғыз уезіне төніп келе жатқан аштықты ауыздықтау үшін қыркүйек айынан қалдырмай тез арада Ақтөбенің Азық-түлік комитетінен 100000 пұт астықты Шалқар станциясы арқылы Ырғыз уездік Азық-түлік комитетіне жіберу болса, екіншісі, Ырғыз уезінің Троицк, Новороссийск, Кемпірсай, Аққұм, Үштас ауылдарында, Ақтөбе уезінің Адам поселкесінде, Қостанай уезі мен Ор қаласында ашыққандарды қабылдайтын арнайы пункттер ашу еді. Үшіншісі, алынған астықты осы пункттер арқылы халыққа бірден жеті айға жетерліктей мөлшерде таратып беру, ал төртінші Ырғыз уезін облыстың басқа уездерімен бірдей қанағаттандыру болды. Мәжіліс ашығуға таяу тұрған уездерге азық-түлік мәселесін шешу үшін съезд қаулысын қабылдауды қажет санады. Сөйтіп, төніп келе жатқан ашаршылықтың алдын алу мәселесін қолға алады.

1918 жылы наурызында Ырғызда кеңес өкіметі орнап, уездік атқару комитеті құрылып, оның төрағалық қызметін Тел Жаманмұрыновқа жүктелінді. Уезде туындаған қиын жағдайды қалпына келтіруге, кедей шаруалардың жағдайын көтеруге елеулі үлес қосты.

Тел Жаманмұрынов Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің белді мүшесі болды. Ақтөбе облысы НКВД-ның тізімдеген 136-ы Алаш қозғалысының белсенді мүшелері жайлы құжатында оның есімі 89-шы ретпен берілген (АОМА. 13 қ. 5 т. 362 іс. 1 п.). Ол Алаш мүшесі ретінде ұлт мүддесі жолында қызмет етті. Уездердің арасында Ырғыз аса қиын кезеңге тап болды. Себебі, бірде ақтардың, бірде қызылдардың қолына көшкен уезд халқының тұрмыстық жағдайы ауырлаған болатын.

1919 жылы Алаш қозғалысының бұрынғы азаматтарына кеңес үкіметі тарапынан кешірім жарияланып, оларға мемлекеттік орындарда қызмет етуге мүмкіндік берілді. 1920 жылдың 2 ақпаннан бастап Тел Бұқпанұлы Ырғыз уездік атқару комитетіне

қызметке оралып, уездің қоғамдық-саяси өміріне етене араласып, ұйымдастырушылық, басшылық қызметтерді атқара бастады.

1920 жылы 26 тамызында Қазақ автономиясының құрылуына орай Ырғыз уезі бастапқыда Торғайдың облысының құрамында болса, ал 1921 жылдың 26 мамырынан Ақтөбе губерниясына қарады. Осы кездерде қайраткер Ырғыз уездік жер комитетінің төрағасы, алғаш атқару комитетінің төрағасы, кейін төрағаның орынбасары қызметтерін атқарды.

Тел Бұқпанұлы 1920 жылдың ақпанында Коммунистік партияға кандидаттыққа қабылданып, 20 мамырында партия қатарына өтеді. Ақтөбе губерниялық Атқару комитетіне мүше болған және 1 шілдеде болған 2-ші Бүкілқазақ Кеңестер съезіне қатысқан және де І-ші Ақтөбе губерниялық Кеңестер съезіне делегат болып сайланыпты. Сонымен қатар осы іс қағазында негізгі мамандығын аграрном деп және өзінің лекторлық қабілетінің барлығын да көрсеткен (Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві (ҚР ОМА). 5 қ. 18 т. 394 іс. 1-2 пп.).

1920 жылдың 27 желтоқсанында Торғай облысы Ырғыз уезінде болған конференцияға Тел Жаманмұрынов қатысып, оның президиумына сайланады. 1921 жылдың қаңтарында аудандық комитет мүшелерін қайта сайлау мәселесі көтеріліп, дауысқа салынып, нәтижесінде оған аудан төрағалығына бірауыздан Тел Бұқпанұлы сайланды (Бабасұлы, 1921: №25).

1921 жылы сәуірден бастап ол Қазақ Егін шаруашылығы Халық комиссариаты Алқасына мүшелікке қабылданады және қызметке кіріседі (ҚР ПА. 139 қ. 1 п. 44 іс. 5 п.). Сол жылдың 3 маусымдағы Қазақ Егін шаруашылығы Халық комиссариаты мәжілісінде оған Жерге орналастыру және су шаруашылығы Басқармасын басқару жүктелініп, бұл қызмет 23 тамызында Қазақ Жер Халық комиссариатының 98-ші бұйырығымен бекітілді (ҚР ОМА. 74 қ. 2 п. 1 іс. 125а п.). Өлкелік комитет қызметіне жоғарлап кетсе де Тел Бұқпанұлы өзі туып-өскен, қызмет жолын бастаған өңірінен байланысын

үзген жоқ. Губернияның ішкі тірлігіне қатысты өткізіліп отырған іс-шараларға қолдау көрсетіп отырды. Ақтөбе губерниялық съездеріне қатысып отырды (ҚР ОМА. 5 қ. 18 п. 394 іс. 1 п). Осы жылдың 4-10 қазанында болған Бүкілқазақ Кеңестерінің II-съезінде Қазақ Орталық Атқару комитетіне мүшелікке кандидат болып сайланады (ҚР ОМА. 5 қ. 18 п. 394 іс. 14 п).

1921 жылдың 22 қарашасында ол Жерге орналастыру Басқармасын басқару жүктелінді. Бұл кезде Ақтөбе өңірі қатты аштық тырнағына ілініп, Ырғыз уезінде аштыққандардың қатары көбейе түскен болатын. Ел басына қиыншылық туып, басы дал болып отырған кезде Тел пен Иса Қосовты Аманкөл болысына сайлау жұмысына жіберіліп, елдегі ауыр жағдайды өз көзімен көріп қайтады (Кедей, 1921: №44).

Тел Бұқпанұлы Қазақстандағы алапатты ауыздықтауға бар күшін салды. Қазақ Жер Халық комиссариатының шешімімен аштықпен күрес комиссиясы төрағасының міндетін атқарып, аштықпен күрес жүргізуде басшылық жасады (ҚР ОМА. 74 қ. 2 п. 1 іс. 213 п). Асханалар ашу, құрғақ тамақпен қамтамасыз етуді барысын бір жолға қойып, босып жүргендерді тамақтандыруды қолға алады. Егін шаруашылығы Халық комиссариатының бұйрығымен 1922 жылы 15 тамызынан Егін шаруашылығы Халық комиссарының уақытша қызметін атқару міндеті Тел Бұқпанұлына жүктелінді (ҚР ОМА. 74 қ. 2 п. 1 іс. 261 п). Осы қызметтер атқара жүріп ол 1923 жылы ақпан айында аштықтың әлі де болса зардаптарын тартып жатқан халыққа жылу жинау үшін Түркістан республикасының Сырдария, Самарқанд, Жетісу облыстарына іссапарға жіберілді (ҚР ОМА. 74 қ. 4 п. 119 іс. 44 п).

Тел Бұқпанұлы Егін шаруашылығы Халық комиссариатына қызметке кіріскеннен-ақ Қазақ республикасына арналған РКФСР-дің Жер кодексіне толықтырулар мен түзетулер енгізу мәселесін талқылауға қатысты. 1923 жылы Үкіметтің партия қатарын жат элементтерден тазартуына ол да ілікті. Оған «шаруаға жауапсыз қарады» деген

айып тағылып, оның барлық өмір жолдары тексеріске алынып, ол партия қатарынан шығарылады.

Ұзақ тексеріс барысынан кейін 1925 жылдың қазанында оған тағылған айыпты негізсіз деп тауып, қайтадан партия мүшелігі қалпына келтірілді. Сөйтіп, оған жасалған қысым тоқтатылып, бұрынғы қызметіне қайта кіріседі (Көрнекті мемлекет, 2013: 16). Дегенмен, «оңшылдық», «жікшілдікпен» күрес жүргізу науқаны тұсында Тел де жікшілдердің қатарынан табылып, оның үстінен тағы да іс қозғалған.

Ақтөбе ОГПУ-нің 1927 жылғы 25 мамырындағы айыптау қорытындысында Т.Жаманмұрынов Ұ. Құлымбетовпен бірге топтың тең басшысы ретінде және оңшыл жікшіл Қожанов, Сәдуақасов, Мұнбаев пен алашордашыл М. Дулатов пен Ә. Бөкейханов, М. Шоқаевтың идеясын қолдаушылар есебінде көрсетіледі (ҚР ПА. 719 қ. 5 п. 5 іс. 14-15 пп). Осындай қолдан жасалған жалған айып қайраткерді сергелдеңге түсіріп, қызметіне кедергі жасалып, үстінен тергеу жұмысы жүріп жатса да, Тел қызметінен қол үзіп қалған жоқ. Ол 1927 жылы Түркістан-Сібір теміржолын жобалау және жабдықтау шараларына да қатысып, теміржол транспортының шапшаң өркендеуіне бар үлесін қосты (ҚР ОМА. 30 қ. 1 п. 676 іс. 32-33 пп).

Тел Бұқпанұлы 30 жылдардың басында жауапты қызметтерге тағайындалды. Қазақ статистика басқармасы бастығының орынбасары, сонымен қатар Егін шаруашылығы халық комиссариаты жабдықтау, мал шаруашылығы, егін шаруашылығы басқармаларының бастығы сияқты жауапты қызметтерде жүріп, жерге орналастыру, жерді пайдалану нормаларын белгілеу, жерді игеру мен шаруашылықтарды ұйымдастыру, аудандастыру, ұжымдастыру мәселелері мен ауыл шаруашылығын дамытудың бесжылдық жоспарларын қабылдауға, Түркістан-Сібір темір жолының 1930-31 жылдарға арналған жоспарларын қарастыруға арналған мәжілістерде қабылданатын шешімдерге белсене араласты. Сонымен қатар ол үкіметтің тапсырмасымен

халықты отырықшыландыру жұмысына да қатысып, Ырғыз уезіне жіберіліп, ондағы отырықшыландыру жұмыстарына тексерістер жүргізіп, бірнеше заң бұзушылықтарды анықтайды. Бұл тәртіптің, жер бөлу нормасының жоқтығы, мал шаруашылығында санақтың жүргізілмеуі, сонымен қатар ауданда отырықшыландыру жүргізердің алдында экономикалық, жерге орналастыру жұмыстарын дайындықсыздығын халықты арасында отырықшыландыру жұмысы жайында дұрыс түсінік беретіндей іс шаралардың жүргізілмегендігі, аудандық отырықшыландыру комиссиясының жұмысына оқу бөлімі, денсаулық сақтау, қамсыздандыру салаларының басшылығының жеткілікті көңіл аудармай отырғандығы еді.

Өкінішке орай отырықшыландыру науқаны қызып жатқан тұста оның үстінен тағы да іс қозғалып, сотқа тартылады. 1929 жылы партия қатарын тазалау науқаны іліккен Тел Бұқанұлының қызмет барысы тексеріске алынып, оған «1930 жылдың басында Ақмола округіндегі алдағы егіс дайындығының жол сапарындағы нақты дәлеліме сенбестікпен қарағанды» деген айыптар тағылды (Көрнекті мемлекет, 2013: 16). Дегенмен бұл айып та негізсіз болып табылып, ақталды. Бұған қарамастан бақылау комиссиясының шешімімен оған қатаң сөгіс жарияланды.

1931 жылы аштық басталған тұста Тел Бұқанұлы Қазақстан статистика басқармасы Мемлекеттік жоспарлау комитетіне қосылғандықтан Президиум мүшелігі мен ауылшаруашылығы секциясының меңгерушілігіне ауысады. Ол сонымен қатар 1931 жылы екінші бесжылдық жоспарын дайындау комиссиясының жұмысшы құрамына енеді.

Ел ашығып, індеттен, жем-шөптің жоқтығынан мал қырылды. Осы кезде Тел 1932 жылдың мамырда Шымкенттегі Түйе шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының директоры болып тағайындалып, Қазақстанға түйеалдыру мақсатында жұмысқа Моңғолияға жіберіліп, Ырғыз ауданында тәжірибелік түйе шаруашылығы жұмыстарын жүргізеді. Оның бұл тапсырманы сәтті орындап,

сатып әкелінген түйенің бір де бірінің шығындап қалмай әкелгенін Л.Мирзояның өзі Қазақстан большевиктер партиясының 1937 жылы 5-12 маусымда болған I-съезінде айтқан болатын (ҚРПА. 708 қ. 1 т., 2 іс. 31-33 пп). Моңғолия сапарынан кейін Тел Бұқанұлы 1933 жылдың шілдесінен Кеңестік халық шаруашылығы комиссариатындағы көшпенді шаруаларды отырықшыландыру комиссиясында қызмет етеді. Осы жылы ауылшаруашылық тобының меңгерушісі, мал шаруашылығы секторының басшылығын атқарады.

1934 жылы аштық кезінде босып кеткен қазақтарды кейін қайтару және орналастыру мәселесіне орай Қазақөлкелік комитетінің 15 ақпанында болған бюро шешімімен Т. Жаманмұрынов Оңтүстік Қазақстан облысына жіберіліп, облыстың аудандарына әкелінетін босқындарға қатысты дайындық жұмыстарын жүргізді (ҚР ПА. 141 қ. 1 т. 6600 іс. 213, 284 пп).

1933-1934 жылдары Тел Бұқанұлы республикалық Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының төралқасының мүшесі болады, Ақтөбе облыстық жоспарлау комиссиясының төрағасы қызметін атқарады. 1935 жылы 2 ақпандағы Ақтөбе облыстық жоспарлау комиссиясы Алқасының шешімімен Т. Жаманмұрынов Алқаның төрағалығына бекітілді (ҚР ОМА. 5 қ. 18 т. 2921 іс. 4 п). Осындай жауапты қызметті атқарып жүргеннің өзінде ол туған жері Ырғызды ұмытпады. Егіс суару үшін Аманкөл бойынан Қараарық, Қасқатай, Құти, Жалаңашкөл, көлдеріне бөгет салдырды.

1937 жылы Тел Бұқанұлы зұлыматтың тырнағына ілігіп, кеңестік әміршілдік жүйенің саяси құбаны болып кете барды. Ол «халық жауы» ретінде 1937 жылдың 16 мамырында тұтқындалып, оған «Қазақстанда «ұлттық-фашистік ұйымға мүше болып, астыртын түрде кеңес үкіметіне қарсы әрекет жасап, іріткі салды, кеңестік жүйеге қарсы келген Энвер паша мен Мұстафа Шоқаймен тығыз байланыста болып, нұсқаулар алып отырды» деген айыптар тағылды (Политические репрессии, 1998: 85-86).

Тел Бұқанұлының тергеуі тоғыз айға созылып, 1938 жылдың 25 ақпанында ату

жазасына кесілді. Ол тек 1958 жылы ғана ақталып, есімі тәуелсіздігімізді алғаннан кейін ғана қалпына келтірілді.

Кеңестік жүйе өзі даярлаған мамандарының да аямады. Бұлардың арасында Қазақстанның саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени жағынан дамуына зор үлесін тигізген Ұзақбай Құлымбетов те бар еді. Ол Кеңес өкіметінің қызметіне 1918 жылдың желтоқсанынан бастап араласып, Ырғыз уезіндегі болыстарда кеңес ұйымын құруға қатысады. 1919 жылдың сәуірінде болған Ырғыз уездік съезінде Ырғыз уездік атқару комитетінің мүшесі болып сайланады. 1919 жылдың күзінен уездік революциялық комитетке жұмысқа кірісіп, 1920 жылы қаңтарында партия ұйымына мүшелікке өтеді. Ол аз уақыттың ішінде белсенділігімен бірнеше қызмет сатысынан өтеді. Бастапқы кезде әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің алқа мүшесі, 1920-1921 жылдары уездік басқарма басшысының көмекшісі, нұсқаушы-ақпараттық бөлімнің меңгерушісі, уездік революциялық тергеу комиссиясының құпия-оперативтік бөлімінің басшысы, Ырғыз уездік атқару комитеті оны қылмыстық-тергеу комиссиясының төрағасы, Ырғыздың РК(б)П аудандық комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. Осы қызметтерде жүріп ол көп тәжірибе жинақтады. 1921 жылы мамырда Ұзақбай Желдірбайұлы Ақтөбе губерниялық атқару комитетіне мүше болып сайланады және Ақтөбе губерниялық қамсыздандыру (губсобесом) бөлімінің меңгерушісіне тағайындалады. Ал 1922 ж. ақпанынан Ақтөбе губерниялық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалып, бұл қызметті 1923 ж. наурызына дейін атқарады (ҚР ПА. 141 қ. 1 т. 11563 іс. 19-20 пп).

1925-1935 жылдары Құлымбетов Қазақстанның Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының төрағасы, сонымен бірге, Қазақ ССР Халық Комиссарлары кеңесі төрағасының бірінші орынбасары қызметтерін қоса атқарды. 1935-1937 жылдары «халық жауы» деп айыпталғанға дейін Қазақ ССР Орталық Атқару комитетінің төрағасы болады. Бұл қызметтерде жүріп ол

Ырғыз, Ақтөбе өңірлерінде көп келелі істер атқарды. Қазақ кеңестер республикасы үшін шешілмеген мәселелерді қолға алды.

Ұзақбай Құлымбетовтың атқарған қызметін былайша қорытындылап беруге болады:

- Ырғыз жерінде кеңес өкіметін орнатуға белсене қатысты;
- Ырғыз өңірінің экономикалық жағынан көтерілуіне ат салысты;
- Ақтөбе губерниясында ағарту, мәдени саланың дамуына елеулі үлес қосты.
- Ашаршылықты ауыздықтауға қатысты;
- Ауылшаруашылығының өркендеуіне, малшаруашылығы (қой, сиыр, түйе) өсіру жұмыстарын дамытуға қатысты іс шараларды қолға алды;
- Қазақстан өнеркәсібін өркендету, жұмыс істемей тұрып қалған өндіріс орындарын қалпына келтіру, оларды қажетті құралдармен жабдықтаудың қажеттігін көтеріп, оның қалыптастыруда зор еңбек сіңірді. Нәтижесінде Риддер, Ащысай кен орындарын дамыту, түсті металл өндірісін кеңейту, Павлодартрест, Алтайтрест, Экібастұз өндірісін кеңейту жұмыстары қолға алынды;
- Астананы Алматы қаласына көшіруде және оны абаттандыруда басшылық жасады;
- Қазақ жастарын оқуға тартты;
- Өндіріс орындарын жергіліктендіру, оған қазақ жастарын тарту, өндіріс орындарына қажетті мамандарды даярлау ісіне де аса көңіл бөлді;
- Әйелдерді еңбек етуге тартуға да елеулі жұмыс жүргізді;
- Түркістан-Сібір теміржолын салуға, дамытуға қосатын үлесін көре біліп, басшылық жасады;
- Жаңа әліпбиге көшуге, яғни латын жазуын қабылдауға байланысты үгіт-насихат бөлімінің жұмысын жандандыруда қаражат бөлгізуді;
- Ғылым саласын дамытуға, яғни Қазақстандағы Ғылым Академиясының жұмысының жандануына қажетті қаржыны бөлу, Ғылым Академиясына студент-

қазақтарды тарту жобасын жүзеге асыруға бар күшін салды;

- Өңдейтін комбинаттар, ет комбинатын салуда басшылық етті. Семей ет комбинатының құрылысын салу мәселесіне орай құрылған комиссия құрамын басқарды;

- Қазақстан Республикасының жаңа конституция жобасын жасаушы комиссияның құрамында болды. Айта берсек, бұл тізімнің әлі де толыға түседі. Ол Қазақстанда кеңес құрылысын орнатуға белсене қатысқаны үшін 1935 жылы Қазақ ОАК мерейтойлық сессиясында «Қазақстанға 15 жыл» төстік белгісімен марапатталады. Бірақ өкініштісі сол, 1937 жылы жала жабылған айыппен тұтқындалған.

Жалпы Ұзақбай Желдірбайұлы кеңестік жүйе тұсында 1919, 1921-1923, 1925, 1929 және 1937 жылдары қуғынға ұшырап, үкімет тарапынан тергеуге алынған. Оның қызметі аталған жылдары түрлі себептермен тексерілген екен. Мәселен, ол 1917 жылы ақтар мен алашордашылардың қолында тұтқында болғаны үшін және 1921-1922 жылдары аштық жайлаған кезде елге келген АРА ұйымының көмек қорын талан-таражға салды деген жалған жаламен 1922 ж. мамырында тергеуге алынып, бір жылға созылып, 1923 жылдың ақпанында ғана ақталып шығады. Бұдан кейін ол үкімет тарапына 1929 жылы тағы ілігеді. Осы кезде партия қатарын тазалау науқаны жүргізіліп жатқан болатын. Ол тағы да жіті тексеріске ілікті.

1937 ж. шілде айында Ұзақбай Құлымбетов Қазақ КСР ОАК төрағалығынан босатылып, жасырын «ұлттық-фашистік» ұйым құрғандығы жөнінде қауесет тарайды (ҚР ПА. 708 қ. 1 т. 82 іс. 24-27 пп). Осы жылдың қыркүйегінде «Казахстанская правда» газетіне К. Пуховтың «На поводе у буржуазных националистов» деп аталған мақаласы басылып, Ұзақбай Құлымбетовты «ұлтшыл» екендігін әшкерелейді (Пухов, 1937: №218). Бұл мақала Ұ. Құлымбетовтың ұсталып, абақтыға қамалуына негіз болды. Сөйтіп, оның 1927-1936 жылдар аралығында жарық көрген 5 кітабын қолдануға тыйым салынды. Өкініштісі сол, ол 58-баппен сотталып, ату жасазына кесілді.

Тек И.Сталин қайтыс болғаннан кейін ғана, яғни 1958 ж. 22 сәуірінде КСРО Жоғарғы Соты қылмыстық істің құрамында жоқтығынан іс тоқтатылып, ақталды. Егер де қуғын-сүргін тырнағына ілікпесе, қайраткердің республика саяси, экономикалы, мәдени жағынан көтеруде үлесі көп болар еді.

Ырғыздан шыққан қайраткердің бірі Абдолла Теміров ұлтының мүддесі жолында күрескен саясаткер, қайраткер ретінде белгілі. Оның қайраткерлігі Алаш партиясымен байланыстырыла айтылады. Себебі алаш зиялыларымен бірге 1917 жылы Құрылтай жиналысына лайықтандырылды (Қыр баласы, 1917: №235).

Ол кезде А. Теміров Ырғыз уездік комиссары болатын. Өзінің айтуынша, бұл қызметті ол кеңес өкіметі орнағанға дейін атқарады. «Қазақ» газетіне жарияланған ақпаратта «...өзгерістен бұрын Тоболский окружной сотта шлен еді, бұл күнде Ырғызда уездный комиссар. Халыққа қызмет етемін деп бұрынғы орнын тастап шықты» делінді (Алаш партиясы, 1917: №245).

А. Теміров Алаш автономиясының құрылуына үлкен күмән келтірген, сондықтан 1917 ж. 28 желтоқсанында Ырғызда болған уезд съезде жасаған баяндамасында Түркістан автономиясына қосылуды ұсынды.

Абдолла бастаған он бір алашордашылар Ырғыз уйезін Түркістанға қосуды жақтап, жіберетін адамдарын даярлай бастады. Абдолланың бұл ұсынысын қолдағандардың арасында Тел Жаманмұрынов, Шектіден: Наурызбай, Сағынай, Алдасүгір, Төртқарадан: Байғабыл, Кенжәлі, Түлкібай, Шөмекейден: Тұрмұхамет, Назар, Оразымбет сияқты азаматтар болған екен (Учитель Алман, 1917: №259).

Съезден кейін Абдолла Теміров Ырғыз уезінің әділет (юстиция) комиссарлығына сайланады. Дегенмен ол кеңес әскеріне қарсы шыққан алашордашыларды жақтайды. 1919 жылдың соңына дейін А.Теміров, М.Дулатов, С. Қадырбаевтар басшылық жасаған алаш әскері Ырғызбен Торғай арасындағы жерлерде, Атбасар, Қостанай уездеріндегі жерлерде көшіп, кеңес өкіметінің билігіне қарсылық

көрсетеді. Алайда қызыл әскерлердің күшінің басымдылығынан ақырында кеңес өкіметін мойындауға мәжбүр болады. Кеңес үкіметінің кешірімін алғаннан кейін де Абдолла Теміров Ырғыз уезінде қызмет етіп, халықтың мүддесі жолында қызмет етті.

XX ғасырдың 20-30 жж. Ырғыз өңірінен қуғындалған азаматтардың арасында Ырғыз аудандық комитетте түрлі басшылықта жұмыс істегендер де бар. Бұлардың бәрі де кеңестік жіті тексерістен өтті. Мәселен, 1936 жылдың 5 маусымында Жәшік Елубаевтың құжаттары тексеріліп, арнайы акт жазылған екен. Ол 1899 жылы Ырғыз ауданының 27 ауылында дүниеге келген. Бастауыш білімі ғана бар. 1928 жылы партия қатарына өткен. Тексеріс барысында ол аудандық атқару комитетінде инспектор қызметін атқарған екен (ҚР ПА. 141 қ. 1 т. 9249 іс. 15 п.). Оны тексеру барысында оның бандиттік шабуылдарға қарсы күрескені де айтылды (ҚР ПА. 141 қ. 1 т. 8750 іс. 16 п.). 1937 жылдың 29 маусымында Ақтөбе облысының НКВД-сы 58 баптың 10-пункттері бойынша айыпталып, ату жазасына кесілді, тек 1956 жылдың 22 мамырында қылмыс құрамының жоқтығынан Қазақ КСР Жоғарғы сотының шешімімен ақталды (ҚР ПА. 141 қ. 1 т. 9249 іс. 15 п.).

Ақшолоақов Жолбосын 1899 жылы Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданында дүниеге келген. Білімі бастауыш. Ырғыз ауданында да қызмет еткен. Қамауға алынған кезде Қаратөбе ауданында Қарабұтақ ауылда қызмет еткен. 1937 жылдың 6 қыркүйекте Ақтөбе облысының НКВД-сы 58 баптың 10-пункттері бойынша айыпталып, 25 жылға бас бостандығынан айырылды. 1956 жылдың 22 мамырында қылмыс құрамының жоқтығынан Қазақ КСР Жоғарғы сотының шешімімен ақталды (ҚР ОМА. 5 қ. 18 т. 41 іс. 1-3 пп.).

Асқаров Үмбетияр Бөбекенұлы, архив қорындағы жеке ісіне көз жүгіртсек, 1900 жылы шаруа отбасында Жымпитыда дүниеге келген. 1911-1917 жж. Жымпитыдағы 2 класты орыс-қазақ училищесінде оқыған. Алайда соңғы курсын ақпан төңкерісінен кейінгі жағдай бойынша аяқтай алмаған. 1921 жылы

кооператив одағына мүше болған, ал 1926 жылы партия қатарына өткен. Қызметкер. 1920-1923 жылдары Жымпитыдағы атқару комитетінде қызмет еткен. Одан кейінгі жылдары Қызылорда, Алматыда түрлі қызметтер атқарған.

1932 жылы Ақтөбеге келіп, облыстық атқару комитетінде қызмет істейді. 1933-34 жылдары Ырғыз аудандық атқару комитетінің төрағасы болған (ҚРОМА. 5 қ. 18 т. 84 іс. 3 п.).

Оған 1937 жылы жазында оның үстінен қылмыстық іс қозғалып, тергеу барысында оған ұлтшыл-диверсиялық ұйым құрып, оның құрамына төмендегі адамдар кіргендігін келтіреді:

Тасболатов Сүлеймен – Ырғыз аудандық комитетінің бұрынғы бірінші секретары; Алғамбаев Қамаш – бұрынғы прокурор; Ақшолоақов Жолболсын – аудандық жер бөлімінің бұрынғы нашалнигі; Ембергенов Шотпай – бұрынғы «Қолхозшы» газетінің бұрынғы редакторы; Айзақов Жолмағамбет – заготскоттың бұрынғы бастығы; Шынтеміров Әнафия – аудандық атқару комитетінің бұрынғы секретары; Байкин Баймағамбет – №23 ауыл советінің бұрынғы председатели; Тоқмамбетов Досмұқан – жер суландыру жұмысының бұрынғы бастығы.

Асқаров жауабында ұйым 1934 жылы құрылып, оған өзінің 1935 жылы кірген екен. Ол бұл ұйымға Тел Жаманмұрынов тартқандығын айтқан. Тел Жаманмұрынов жауабында оның бұл ұйымға 1934 жылы кіргендігін, оны Құлымбетовтың тартқандығын келтіреді.

Есенгелдин берген жауабында контрреволюцияшыл-ұлтшыл ұйымға Асқаровтың 1929-1930 жылдардың өзінде, істеп жүргенде кіргендігін айтқан. Оның Қазақ өлкелік одағында зиянкестік жұмыстар жүргізгені және контрреволюцияшыл ұйымға және мүшелер тартқанын да атап өткен екен. Бұдан әрі алашордашыл, соның мүшелерімен араласты деген де айыптар келтірілген (Яльмов, 1937: №247).

Сөйтіп, ол Ақтөбе облысының НКВД-сы 58 баптың 10-пункті бойынша айыпталып, ату жазасына кесілді, тек 1956 жылдың 22

мамырында қылмыс құрамының жоқтығынан Қазақ КСР Жоғарғы сотының шешімімен ақталды.

Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Сүлеймен Тасболатов та қуғын құрығына іліккен. Ол Батыс Қазақстан облысының Жымпиты ауданында 1907 жылы дүниеге келген.

1937 жылдың 11 қыркүйекте Ақтөбе облысының НКВД-сы 58 баптың 10-пункттері бойынша айыпталды. Сот үдерісі басталған кезде Сүлеймен Тасболатов өзіне тағылған бірде бір айыпты мойына алмады. Сот үдерісі барысы «Социалистік жол» газетіне 1937 жылдың 6 қарашасында «Соттың үкімі – халықтың үкімі» мақаласында толықтай келтірілді. Оның және зиянкес-диверсанттық іс жүргізген контрреволюционерлер деп танылған Асқаров, Ембергенов, Айзақов, Байкин, Тоқмамбетовтың сот үдерісі барысында зұлымдық істері әшкереленгені келтіріледі. Оларға халықжауы Құлымбетовтің, Есқараевтің, Жүргеновтің, Жаманмұрыновтың тікелей нұсқауын орындап отырды деген айып тағылды, Айыптың бірі «Бұлардың мақсаты - Қазақстанды СССР-дан бөліп алып, Жапония империализмінің құлдығына, қанауына бермекші болған. Қазақстанды капитализм үстемдігін қайта орнату мақсатын көздеген. Осы мақсат пен ұлтшыл-фашистер түрлі әрекеттер жүргізген. Ауыл шаруашылық онда мәдениет майданында жаңа халық шаруашылығының түрлі тарауларында зиянкестік-диверсиялық білдіру әрекеттерін істеген» деп келтірілді (Соттың үкімі, 1937: №236).

Сот үкімі 4 қарашада болып онда мынадай үкім шығарылды: «Аудандық атқару комитетінің бұрынғы председателі Асқаровтың, аудандық партия комитетінің бұрынғы секретері Тасболатовтың, аудандық газеттің бұрынғы редакторы Ембергеновтың, заготскоттың бұрынғы бастығы Айзақовтың, 23-ауылдық советтің бұрынғы председателі Байкиннің, суарма жұмысының бұрынғы бастығы Тоқмамбетовтың, аудандық жер бөлімінің бұрынғы бастығы Ақшолақовтың,

аудандық атқару комитетінің бұрынғы секретары Шынтеміровтың, аудандық бұрынғы прокуроры Алғамбаевтың Бірғыз ауданында диверсиялық-бүлдіру жұмысын жүргізгені сотта және тергеуде анықталды» дей келе, сот үкімі бойынша Асқаровты, Тасболатовты, Ембергеновті, Айзақовты, Байкинді, Тоқмамбетовті, яғни алтауы ең жоғары үкім ату жазасына кесілді. Алғамбаев пен Ақшолақов 20 жылдан жоғары бас бостандығынан айырса, ол Шынтеміров 15 жылға еркінен айырлды (Бірғыз ауданындағы диверсиялық, 1937: №236). С. Тасболатов тек 1956 жылдың 22 мамырында қылмыс құрамының жоқтығынан Қазақ КСР Жоғарғы сотының шешімімен ақталды.

Баймағамбет Байкин, Әнафия Шынтеміров және осы сот үдерісі барысында түрлі жазаға кесілгендердің де айыпталуы өте ауыр болды. Ауыр айыптар олардың отбасына да үлкен кедергі келтірді.

«Айыптау қорытындысында» Әнафия Шынтеміров туралы мынадай мәліметтер келтіріледі: «1906 жылы Бірғыз ауданының 8-ауылында туған, халық жауы болғандықтан ҚК(б)П қатарынан шығарылған, қызметкер, аудандық атқару комитетінің бұрынғы секретары». Оған тағылған айып түрі мынадай:

а) Контрреволюцияшыл-ұлтшыл ұйымның мүшесі болып, белсене зиянкестік жұмыс жүргізген. Сол ұйымның тапсырмасын жүзеге асыру, мақсаты мен №8-9-ге ауылдарда байлардан Шынтеміров зиянкестік топ құрған және сол топ арқылы, серіктікті құлату үшін мал басын құру, тұқымды ұрлау және бүлдіру жұмыстарын жүргізген;

в) Контрреволюцияшыл-ұлтшыл ұйымның жиынына қатынасқан, бұл ұйымға №8 және 9 ауылдардан жаңа мүшелер тартқан. Контрреволюцияшыл кадрларды сақтауға күшті шаралар қолданған, РСФСР қылмыс заңының 58-7, 59-11 статъяларына жататын қылмыстар істеген.

Ал Баймағамбет Байкин жайында сот жазбасында: «38 жаста, байдың баласы, халық жауы болғандықтан ҚК(б)П қатарынан шығарылған, ауылдық советінің бұрынғы председателі» деп келтірі.

Оған тағылған айып:

а) Контрреволюцияшыл-ұлтшыл ұйымның мүшесі болып, Брғыз ауданындағы бұл ұйымның басшысы Асқаровтың тапсырмасы бойынша контрреволюцияшыл, зиянкестік әрекет жүргізген;

в) Контрреволюцияшыл ұйымның шаруашылықтың социалистік түрін жою жөніндегі мақсатын жүзеге талан-таражға салуға, мал басын құртуға белсене қатынасқан;

г) Колхозшыларға қорлық көрсеткен, оларды совет үкіметіне наразы етпек болған, олардың көшіп кетуіне себепкер болған РСФСР қылмыс заңының 58-7, 59-11 статьяларына жататын қылмыстар істеген (Ялымов, 1937: №247).

Қорытынды

Кеңестік жүйенің қанды тырнағына іліккен ырғыздықтардың басымы ең жоғарғы үкім – ату жазасына кесілді. Ату жазасынан аман қалғандардың өзі лагерьлерде жылдар бойы азап шекті. Аман қалғандар да тағдыр тауқыметін тартып, «халық жауы» деген айыптан құтылса да, олардың аттары елеусіз қалды. Екі жылдан бері жазықсыз қуғындалып, құрбан болып

кеткендерді ақтау жолында жұмыс істеп жатқан комиссияның басты мақсаты осы азаматтардың есімдерін қалпына келтіру. Осы бағытта істелінетін жұмыстар әлі де көп сияқты. Олардың бірі, ақталған азаматтардың өмір жолдары мен атқарған қызметтері жайында тарихи зерттеулер жүргізу. Қуғын-сүргінге алашордашылар мен мемлекет қызметіндегі қайраткерлермен бірге қарапайым шаруа, жұмысшылар, сонымен қатар діндарлар, яғни молда, ишандар да нақақтан нақақ ұшырады. Олардың отбасы да ұзақ жылдар бойы «халық жауы» деген қарақүйеден арылмады. Балалары жоғары оқу орындарына қабылданбады, үкімет қызметіне жіберілмеді. Бір сөзбен айтқанда, әкелері ақталғанша түртпектеумен өмірлері өтті. Кейбірі тіпті әкелері ақталса да ол жайында мүлдем білмеді. Үкімет білдірмеуге тырысты. Себебі, өз қателерін мойындағылары келмеді. Міне, осындай тұлғалар өте көп. Олардың есімдерін тарихта толықтай қалпына келтіру тарихшылардың еншісінде.

Алғыс

Мақала ИРН АР09259029 нөмірлі «XVIII-XX ғ. 30 жж. Ұлы даланың тарихи тұлғалары (Батыс Қазақстан материалдары негізінде)» жобасының аясында дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж. – Алматы: «Алаш», 2004. – Т. 1. – 552 б.

Алаш партиясы атынан учредительное собраниеге аталған депутаттар // Сарыарқа. – 1917. – 30 ноябрь. – №19.

Жетісудағы босқын қазақ-қырғыздарына ақшалай көмек көрсетуге шақырған қазақ зиялыларының хаты // Бірлік туы. – 1917. – 14 декабрь. – №17.

К киргизам, свободным гражданам обновляемой России // Бюллетень Семипалатинского исполнительного комитета. – 1917. – 14 марта. – №8.

Бабасұлы Д. Брғыздың ортақшыл партиясы // Ақ жол. – 1921. – 12 февраль. – №25.

Кедей. Брғыз үйезінің шаруашылық һәм саяси тұрмысының ағымы // Ақ жол. – 1921. – 6 апрель. – №44.

Көрнекті мемлекет, қоғам қайраткері Тел Жаманмұрынов / Құраст.: Е. Тұрабаев. – Ақтөбе, 2013. – 133 б. Жұмысшылар жайынан // Қазақ. – 1916. 31 декабрь. – №211.

Жұмысшылар жайынан // Қазақ. – 1917. – №217, 219, 220.

Жәрдем жию керек // Қазақ. – 1917. – №222.

Мәскеу // Қазақ. – 1917. – 24 март. – №223.

- Қыр баласы. Қазақ депутаттары // Қазақ. – 1917. – 4 июль. – №235.
Алаш партиясы // Қазақ. – 1917. – 19 октябрь. – №245.
Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. Сборник документов / Отв. ред. Л.Д. Дегитаева. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 336 с.
Пухов К. На поводу у буржуазных националистов // Казахстанская правда. – 1937. – №218. 22 сентября.
Соттың үкімі – халықтың үкімі // Социалистік жол. – 1937. – 6 қараша. – №236.
Учитель Алман. Автономия мәселесі бойынша өткен Ырғыз жиналысы // Қазақ. – 1917. – 12 ғынауар. – №259.
Ырғыз ауданындағы диверсиялық білдіру жұмысын жүргізген контрреволюцияшыл-ұлтшыл ұйымға сот // Социалистік жол. – 1937. – 6 қараша. – №236.
Ялымов. Айыптау қорытынды // Социалистік жол. – 1937. – 27 қазан. – №247.

Светлана О. Смагулова, Гульбану Б. Избасарова

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актюбе, Казахстан*

Репрессированные иргизцы

Аннотация. В статье анализируется политическая деятельность, судьбы алашординцев и деятелей советской власти из Иргизского региона, подвергшихся сталинским репрессиям в 30-е годы XX века.

Алашординцы из Иргизского региона вступали в борьбу за интересы нации, выступали за объединение казахов в единое государство.

Сталинские репрессии не пощадили и тех, кто честно служил в руководящих структурах советской власти. Они подверглись ложному обвинению, были осуждены, заключены в тюрьму и даже приговорены к самому тяжкому приговору - расстрелу. Поручение президента К. Токаева о тщательном исследовании вопросов голода и репрессий, позволила внимательно изучить и проанализировать дела многих алашевцев, которые были закрыты под грифом «секретно», «совершенно секретно».

В ходе подготовки статьи были выявлены причины и ход предъявленных обвинений, осужденных по 58 статье по пунктам 2, 8, 9, 10, 11 уголовного дела РСФСР таким деятелям, как алашординцы Абдиразак Башбаев, Кайназар Бекмурзин, Куаныш Жубанов и др., а также работавших в руководящих структурах советской власти как Жашик Ерубасов, Жолбосын Акшулаков. Автор впервые вводит в научный оборот новые архивные документы, имевшие ранее гриф «секретно».

Ключевые слова: политические репрессии; алашординец; деятель; секретно; совершенно секретно; политическая кампания.

Svetlana O. Smagulova, Gulbanu B. Izbassarova

*Abai Kazakh national pedagogical university, Almaty, Kazakhstan
K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan*

Repressed residents of Irgiz

Abstract. The article analyzes the political activity and fate of the Alashorda figures and the figures of the Soviet government from the Irgiz region, who were subjected to Stalinist repressions in the 30s of the twentieth century.

Alashorda figures from the Irgiz region entered the struggle for the interests of the nation, advocated the unification of the Kazakhs into a single state.

Stalin's repressions did not spare even those who honestly served in the leading structures of the Soviet government. They were falsely accused, convicted, imprisoned and even sentenced to the heaviest sentence - execution. The instruction of President K. Tokayev on a thorough study of the issues of famine and repression made it possible to carefully study and analyze the cases of many Alashorda figures who were closed under the heading "secret", "top secret".

During the preparation of the article, the reasons and course of the charges brought against such Alashorda figures, as Abdirazak Bashbaev, Kainazar Bekmurzin, Kuanysh Zhubanov and others, were convicted under article 58, paragraphs 2, 8, 9, 10, 11 of the criminal case of the RSFSR, as well as Zhashik Erubaev, Zholbosyn Akshulakov, who worked in the leading structures of the Soviet government. The article is compiled from archival documents that were once closed under the heading «secret».

Keywords: political repressions; Alashorda figures; activist; secret; top secret; political campaign.

References

Alash kozgalysy. Kuzhattar men materialdar zhinagy [Alash movement. Collection of documents and materials]. Sauir 1901 zh. – zheltoksan 1917 zh. – (Almaty, «Alash», 2004, Vol. 1,552 p). [in Kazakh].

Alash partiyasy atynan uchreditel'noe sobraniege atalgan deputattar [Deputies from the Alash party at the Constituent Assembly], Saryarka. 1917. 30 noyabr'. No 9. [in Kazakh].

Jetisýdaǵy qazaq-qyrǵyz bosqyndaryna aqshalaı kómek kórsetýge shaqyrǵan qazaq zıalylyarynyń haty [The letter of Kazakh intellectuals calling for monetary assistance to Kazakh-Kyrgyz refugees in Zhetysay], Birlik tuy.1917. 14 dekabr'. No17.

К киргизам, свободным гражданам обновляемой России [To Kyrgyzs, free citizens of renewed Russia], Byulleten' Semipalatinskogo ispolnitel'nogo komiteta. 1917.14 marta. No8. [in Russian].

Babasuly D. Yrgyzdyn ortakshyl partiyasy [Yrgyz communalist party], Ak zhol.1921. 12 fevral'. No 25. [in Kazakh].

Kedey. Yrgyz yjezinin sharuashylyk ham sayasi turmysynyn agymy [Poor. The course of economic and political life of Yrgyz], Ak zhol. 1921. 6 aprel'. 44. [in Kazakh].

Kornekti memleket, kogam kajratkeri Tel Zhamanmurynov [Prominent state and political figure Tel Zhamanmurynov]/ Kurast.: E. Turabaev. – Aktobe, 2013. – 133 b. [in Kazakh].

Jumysshylar jaynan [About the state of workers],Kazak. 1916. 31 dekabr'. No211. [in Kazakh].

Jumysshylar jaynan [About the state of workers], Kazak.1917. No 217, 219, 220. [in Kazakh].

Járdem jıy kerek [Need help], Kazak. 1917. No 222. [in Kazakh].

Máskeý [Moscow] Kazak. 1917. No 223. [in Kazakh].

Kyr balasy. Kazak deputattary [Son of the steppes. Kazakh deputies], Kazak. 1917. 4 iyul'. No 235.

Alash partiasy [Party of Alash] Kazak. 1917. 19 oktyabr'. No 245. [in Kazakh].

Politicheskie represii v Kazahstane v 1937-1938 gg. [Political repressions in Kazakhstan in 1937-1938 yy.]. Sbornik dokumentov / Otv. red. L.D. Degitaeva. – (Almaty, Kazakhstan, 1998, 336p.) [in Russian].

Puhov K. Na povodu u burzhuaznyh nacionalistov [On the occasion of the bourgeois nationalists], Kazahstanskaya pravda. 1937.No 218. [in Russian].

Sottyn ykimi – halyktyn ykimi [The verdict of the court is the verdict of the people], Socialistik zhol. 1937. 6 karasha. No236. [in Kazakh].

Uchitel Alman. Avtonomiya maselesi bojynsha otken Yrgyz zhinalysy [Teacher Alman. Yrgyz meeting held on the issue of autonomy], Kazak. 1917.12 ginuar. No 259. [in Kazakh].

Yrgyz audanyndagy diversiyalyk bildiru zhumysyn zhyrgyzgen kontrrevolyuciyaşhyl-ultshyl ujymga sot [The trial of the counter-revolutionary-nationalist organization that carried out subversive activities in Yrgyz region], Socialistik zhol. 1937. 6 karasha. No 236. [in Kazakh].

Yalymov. Ajyptau korytyndy [Final verdict], Socialistik zhol. 1937. 27 kasan. No 247. [in Kazakh].

Авторлар туралы мәліметтер:

Смагулова Светлана Оденқызы – т.ғ.д., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан.

Избасарова Гульбану Болатқызы – т.ғ.д., Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры, Ақтөбе, Қазақстан.

Smagulova Svetlana Odegovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Izbassarova Gulbanu Bolatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor of the Department of History and Religious Studies, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan.